

Жалпы алғанда, Ертіс бойындағы қимақ қалалары - ортағасырлық дала өркениеттерінің аймақтық дамуын түсінуге көмектесетін маңызды тарихи құбылыс. Бұл қалалар арқылы біз қимақтардың қоғамдағы орны мен мәдени-экономикалық жетістіктерін нақтылай аламыз. Сондықтан қимақ қалаларын зерттеу - қазақ даласының ортағасырлық тарихын терең әрі жан-жақты тануға жол ашатын өзекті бағыттардың бірі.

#### **Пайдаланылған әдебиетер тізімі:**

1. Кумеков, Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. - Алма-Ата: Наука, 1972. - 218 б.
2. Байпақов, К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. - Алматы, 1998. - 212 б.
3. Ақышев, К.А. Древняя культура Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1984. - 256 б.
4. Кляшторный, С.Г.; Султанов, Т.И. Государства и народы Евразийских степей. - Москва: Восточная литература, 2009. - 367 б.
5. Электронды дереккөз: e-history.kz - «Қимақ мемлекеті», «Ертіс бойындағы қалалар» мақалалары, 2021.
6. Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі. «Қимақ мемлекеті IX-XI ғасырлар», 2020.
7. К.М. Байпақов - “Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути” (Алматы, 1998)
8. Ертіс бойындағы ортағасырлық қалалардың құрылымы (цитадель, шахристан, рабад) - 63-71-беттер.
9. Қала экономикасы (қолөнер, металл өңдеу) - 85-89-беттер.
10. К.А. Ақышев - “Древняя культура Казахстана” (Алматы, 1984)

### **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ**

**Тұрысбекова Д.С.**

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

turysbekovadana@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан аймағындағы жер-су атауларының ономастикалық атаулары, олардың тарихи және мәдени негіздері, тілдік құрылымдық ерекшеліктері қарастырылды. Шығыс Қазақстан тау жүйелері, өзен аңғарлары, көлдер мен жазықтар тоғысқан өңір, сондықтан аймақтағы топонимдік қабаттың қалыптасуы да сан алуан тарихи кезеңдермен байланысады. Аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктері топонимдердің мазмұнына тікелей әсер етіп, жергілікті атаулардың семантикалық қабаттарын байытты. Зерттеу барысында ойконимдер, гидронимдер, оронимдер және микропонимдер кешені талданып, олардың шығу тегі, семантикалық дамуы мен фонетикалық өзгерістері анықталды. Сонымен бірге әр атаудың тарихи кезеңдерде қалай өзгергені, қандай әлеуметтік-мәдени факторлардың ықпал еткені де қарастырылды. Жұмыста Ресей империясы кезеңінің картографиялық материалдары, кеңестік топонимиялық жазбалар және қазіргі ономастикалық ресурстар пайдаланылды. Археологиялық мәліметтер мен этнолингвистикалық талдау әдістері аймақ атауларының тарихи контекстін ашуға мүмкіндік берді. Археологиялық деректер әсіресе ежелгі қоныстар маңындағы атаулардың түп-төркінін нақтылауда маңызды рөл атқарды. Зерттеу барысында Катонқарағай, Мұзтау, Алтай сияқты ірі оронимдерінің құрылымы мен этимологиясы қарастырылып, олардың жергілікті халықтың шаруашылық дәстүрімен, қоныстану тарихымен және табиғи ортаның ерекшеліктерімен байланысы айқындалды. Бұл оронимдер тек табиғи нысандарды емес, өңір мәдениетінің тарихи сабақтастығын да көрсетеді. Алынған нәтижелер Шығыс Қазақстан топонимиясының көпқабатты тарихи негізін көрсетеді және өңірдің мәдени-географиялық дамуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу аймақтағы ономастикалық дәстүрдің сақталуы мен өзгеруіне әсер еткен факторларды жүйелеп, жер-су атауларының лингвистикалық және этнографиялық маңызын жан-жақты сипаттайды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері аймақ топонимиясын болашақта қорғап, жүйелі түрде дамыту үшін маңызды ғылыми база қалыптастырады.

Кілт сөздер: Шығыс Қазақстан, Өскемен, қала тарихы, экспедиция, топонимиялық атау, гидроним, Алтай, тарихи ономастика, карта, Катонқарағай.

#### Аннотация

В данной статье рассмотрены ономастические наименования топонимов Восточно-казахстанского региона, их историко-культурные основы и особенности языковой структуры. Восточный Казахстан-регион с сложным географическим ландшафтом, с переплетением горных систем, речных долин, озер и равнин, поэтому формирование топонимического слоя в регионе также связано с разнообразными историческими периодами. Природно-географические особенности региона напрямую влияли на содержание топонимов, обогащая семантические слои местных названий. В ходе исследования был проанализирован комплекс ойконимов, гидронимов, оронимов и микротопонимов, выявлены их происхождение, семантическое развитие и фонетические изменения. Также было рассмотрено, как менялось каждое название в исторические периоды, какие социокультурные факторы способствовали этому. В работе использованы картографические материалы периода Российской империи, советские топонимические надписи и современные ономастические ресурсы. Этот набор данных позволил провести сравнительное исследование эволюции системы имен. Кроме того, археологические данные и методы этнолингвистического анализа позволили раскрыть исторический контекст названий регионов. Археологические данные сыграли особенно важную роль в уточнении происхождения названий вблизи древних поселений. В ходе исследования была рассмотрена структура и этимология таких крупных оронимов, как Катон-Карагай, Музтау, Алтай, выявлена их связь с хозяйственными традициями местного населения, историей расселения и особенностями природной среды. Эти оронимы отражают не только природные объекты, но и историческую преемственность культуры региона. Полученные результаты отражают многослойную историческую основу топонимии Восточного Казахстана и позволяют объяснить культурно-географическое развитие региона. Исследование систематизирует факторы, которые повлияли на сохранение и изменение ономастической традиции в регионе, и всесторонне описывает лингвистическое и этнографическое значение географических названий. Кроме того, результаты исследований формируют важную научную базу для будущего и систематического развития топонимии региона.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Усть-Каменогорск, город, экспедиция, топонимическое название, гидроним, Алтай, историческая ономастика, карта, Катон-Карагай.

#### Annotation

This article examines the onomastic names of the toponyms of the East Kazakhstan region, their historical and cultural foundations and the features of the linguistic structure. East Kazakhstan is a region with a complex geographical landscape, with an interweaving of mountain systems, river valleys, lakes and plains, therefore, the formation of a toponymic layer in the region is also associated with various historical periods. The natural and geographical features of the region directly influenced the content of toponyms, enriching the semantic layers of local names. The study analyzed the complex of oikonyms, hydronyms, oronyms and microtoponyms, revealed their origin, semantic development and phonetic changes. It was also considered how each name changed in historical periods, and what sociocultural factors contributed to this. The work uses cartographic materials from the period of the Russian Empire, Soviet toponymic inscriptions and modern onomastic resources. This data set allowed for a comparative study of the evolution of the naming system. In addition, archaeological data and methods of ethnolinguistic analysis made it possible to reveal the historical context of the names of the regions. Archaeological evidence has played a particularly important role in clarifying the origin of names near ancient settlements. The study examined the structure and etymology of such large oronyms as Katon-Karagai, Muztau, Altai, and revealed their connection with the economic traditions of the local population, the history of settlement, and the peculiarities of the natural environment. These oronyms reflect not only natural objects, but also the historical continuity of the region's culture. The results obtained reflect the multilayered historical basis of the toponymy of East Kazakhstan and allow us to explain the cultural and geographical development of the region. In addition, the research results form an important scientific basis for the future and systematic development of the region's toponymy.

Keywords: East Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, cities, expedition, toponymic name, hydronym, Altai, historical onomastics, map, Katon-Karagai.

#### Кіріспе

Шығыс Қазақстан Қазақстанның шығыс бөлігінде орналасқан, тарихи және мәдени ескерткіштерге бай өңір. Бұл аймақта Ертіс, Бұқтырма, Күршім, Үлбі сияқты ірі өзендер тоғысқан. Сонымен қатар Алтай мен Сауыр-Тарбағатай тау жүйелерімен көмкерілген кең аумақты қамтиды. Географиялық ерекшеліктерінің алуан түрлілігі, табиғи ресурстарының молдығы және тарихи жолдардың тоғысында орналасуы Шығыс Қазақстанды ежелден түрлі этностардың, рухани-мәдени дәстүрлердің және шаруашылық жүйелердің тоғысқан орталығына айналдырды. Осы факторлар өңірдегі жер-су атауларының да қалыптасуына тікелей ықпал етіп, оның ономастикалық кеңістігін бай

әрі көпқабатты етті. Ертіс өзені ежелгі тайпалар мен халықтардың тіршілік көзі ғана емес, олардың тілдік, мәдени, шаруашылық дамуында шешуші рөл атқарған. Өзен-көл атауларынан бастап тау, жота, қырат, қоныс және елді мекен атауларына дейінгі гидронимдер мен ойконимдер осы жерді мекендеген сақтар, ғұндар, түркі тайпалары, қыпшақтар, моңғол дәуірінің халықтары және кейінгі көшпелілердің іздерін көрсетеді. Мысалы, Алтай атауының түркілік түбірлермен байланысты екенін, Ертіс атауының ежелгі түркі қабаттарымен сабақтас болуын зерттеушілер атап өтеді. Бұл атаулар өңірдегі этникалық құрамның тарихи өзгерісін, табиғаттың ерекшеліктерін, шаруашылық түрлерін және рухани дүниетанымын бейнелейді. Тәуелсіздік кезеңінде тарихи топонимдерді қалпына келтіру Шығыс Қазақстанның ономастикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі.

Көне деректерде Шығыс Қазақстан өңіріндегі қоныстар әр кезеңде түрлі аттармен аталып отырған. Мысалы, ортағасырлық жазбаларда Ертіс бойындағы кейбір қалашықтар мен бекіністер түркі, араб, қытай және моңғол дереккөздерінде әрқалай беріліп, бұл өз кезегінде саяси ахуалдың, этностық процестердің және мәдени ықпалдастықтың жиі өзгергенін көрсетеді. Осындай тарихи атауларды зерттеу өңір тарихының терең қабаттарын ашуға, этнолингвистикалық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеудің басты мақсаты Шығыс Қазақстан аймағындағы топонимдердің қалыптасу тарихын, этимологиясын, олардың тарихи-мәдени мазмұнын талдау және өңірдің ономастикалық кеңістігінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы барысында, ең алдымен, тарихи-компаративтік әдіс қолданылды. Бұл әдіс Шығыс Қазақстан өңіріндегі көне жер-су атауларының ертедегі деректердегі нұсқаларын салыстыруға мүмкіндік берді. Өртүрлі кезеңдерден қалған жазба деректер мен картографиялық материалдарды қарастыру арқылы топонимдердің уақыт ішіндегі өзгеріс динамикасы анықталды. Екіншіден, топонимдік және ономастикалық талдау әдісі пайдаланылып, аймақтағы гидронимдер мен ойконимдердің фонетикалық, құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері зерделенді. Осы талдау түрі арқылы атаулардың жасалу модельдері, құрылымдық түрлері және олардың мағыналық жүктемесі айқындалды. Үшіншіден, лингвистикалық-этимологиялық саралау жүргізілді. Бұл кезеңде зерттелетін атаулардың түбірлік табиғаты ашылып, түркі, моңғол және славян тілдерінен енген атаулардың шығу тегі мен қалыптасу заңдылықтары анықталды. Өртүрлі тілдік қабаттардың өзара ықпалы мен тарихи-мәдени байланыстары да осы әдіс арқылы белгіленді.

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан топонимиясына қатысты маңызды ғылыми еңбектер де тірек ретінде алынды. Атап айтқанда, «Шығыс Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары» (2017) және Аметжанова Ф.Р. жазған «Қазақ шығысының жер-су атаулары» (2000), Сапаров Қ.Т.-ның «Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өңірлерінде кездесетін славян тілінен енген географиялық атаулар» 2010. еңбектері материалдық база ретінде кеңінен пайдаланылды.

Талқылау

Өскемен қаласының ономастикалық атауы XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алады. 1720 жылы М.И.Лихарев бастаған ресейлік экспедицияның келуімен Үлбі өзенінің Ертіске құйған жерінде атын «устье каменных гор» тіркесінен алған Усть-Каменогорская бекінісінің іргетасы қаланды. 1765 жылы өртеніп кеткен бұл бекініс қайта салынған еді. Жергілікті тұрғындар бекініс атын өз тіліне икемдеп «Өскемен» деп атап кетті. Қаланың атауы туралы ғалымдардың бірнеше болжамдары бар. «Қаланың атауы карталарда, ресми ақпарат көздерінде әлі күнге дейін Усть-Каменогорск болып жазылып жүргенін айта келіп, ғалым Бердібек Бияров Усть-Каменогорск атауын Тасқорған деген атқа ауыстырсақ деген пікірді айтады. Оған себеп ретінде қаланың тасты таулармен қоршалып тұруын, кезінде бекініс ретінде салынуын, «қорған» сөзінің көне түркіде «қала» мәнін беретіндігін және Ресей зерттеушісі Миллердің 1723 жылдары ол жерден үш үлкен сақ қорғанын табуы сияқты деректерді келтіреді. Ғалымның «егер Тасқорған болса, Талдықорған, Жаңақорған, Шолаққорған сияқты атаулар типіне енетін еді» деген пікірі ойға қонымды [1,8-11 б].

1712 жылы патшалық өкімет кезінде діни қудалаудан Польшаға қашқандарды отанына қайтуға шақырған жаңа жарлық шығарды. Польшадан қайтқандарға тұруға 1760 жылғы жарлықта көрсетілген мекендер ұсынылды. Осының негізінде, әскери күштің көмегімен Алтайда “поляктар” елді мекендері пайда болды. Бұл жөніндегі мәліметтер М. Швецованың «Поляки Змеиногорского округа» атты мақаласында (1899) жан-жақты баяндалған. Катонқарағай ауданына қарасты Поляковка елді мекен атауының сыры осыдан ашылады. 1764 жылы Лосиха, Секисовка, Шемонаиха және Бобровканың негізі қаланды. Кейінірек бұлардан Малое Убинка, Быструха, Черемшанка, Тарханка және т.б. ауылдары бөлініп шықты. Шығыс Қазақстанның жер-су атауларын ауыстыру мен қатар келімсектердің көне топонимдерді өз тілдеріне икемдеп қолданғанын байқауға болады. Кеңес үкіметі тұсында орыс атаулары қазақтың төл атауларын мақсатты түрде ауыстыру арқылы іске асырылды. Тілдік

катынастардың дамығаны соншалық, топонимиялық атаулар жартылай немесе толық аударылып қолданылады.

Алтай тауының айналасын алғаш зерттеген орыс саяхатшы-ғалымдары Мұзтау, Қошағаш, Жазатыр, Шүй атаулы жерлерді ежелден қазақ пен ойрат қатар жайлағанын айтады. Мәселен, Р.Закржевский 1882 жылы жазылған "Краткое топографическое описание пути между Котон-Карагаем и Кош-Агач через Алтайские горы" атты шағын жолжазбасында Салқынкөл(қазіргі Бұқтырма көлі), Алғыжақбұлақ, Ақкөлкөзек, Жұмалыкөзек, Зердекөл, Қоңыртемір, Айғара, Қарашат, Желдікара сияқты көптеген қазақша жер-су аттарын келтіреді.

Алтай таулы қырат, Шығыс Қазақстан облысы. Түркілердің атамекені болған көне Алтай қазір Орыс Алтайы, Монғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлініп кеткен. Алтайдың үштен бірі ғана Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кенді Алтай болып Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай оронимі (тау аты) туралы көптеген пікір бар. Мәселен, В.В.Радлов ал (биік)+тайга (орманды тау) деген сөздерден шығарса, Э.М.Мурзаев, В.А.Никоновтар "ала тау" мағынасымен байланыстырады. М.Рясянен ал+той "алып тау" десе, Е.Жанпейісов ал сөзі "үздіксіз, тізбектелген" мағынасын береді дейді. Ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың негізінде алтын сөзінің жатқанын мойындайды (Б.Я.Владимирцов, Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, А.Әбдірахманов, Ғ.Қоңқашпаев, Т.Жанұзақов, т.б.). Оның ішінде Ғ.Қоңқашпаевтың келтірген дерегі дұрыс деп есептейміз. Монғ. алт (алтын)+тай (туынды сын есім жұрнағы), сонда Алтай>Алтай "алтынды" болып шығады. Академик В.В.Бартольдтың "Алтай оронимі кейін шыққан тәрізді" пікіріне сүйене отыра, Алтай атауының көне түркі тілінен монғол тіліне аударылған атау екенін ескерту. Өйткені, Орхон жазбаларында Алтын йыш (732-735жж.), Қытайдың "Таншу" жылнамасында Алтынтағ (647ж), Монғолдың "Құпия шежіресінде" Алтынтау (XIII ғасырдан бері) түрінде көрсетіледі де, Алтай атауы кездеспейді. Түркілік атауды монғолдар жаулап алғаннан кейін, өз тілдеріне аударып атаған тәрізді. Ал мағынасы сақталып қалған. Жаулап, отарлап алған елдердің тілі келмегендіктен немесе әдейі саясатпен жер-су аттарын өзгертуі тарихта бар оқиға [2,25-27 б].

Кейбір зерттеушілердің Катонқарағай ойконимін Қатынқарағай деуінде ешқандай ғылыми негіз жоқ. Бұл атау қотан+қарағай сөздерінен жасалып, орыс тілінде қотан түріне бұрмаланып кеткен. Тура мағынасында "қойдың қотанына ұқсап топтанып, дөңгеленіп өскен қарағай" дегенді білдіреді. Қотан сөзі көне түрі тілінде "топ", "дөңгелек", "қой қора" мағыналарын берген. Елді мекен орналасқан жерде топ-топ болып жіңішке қарағайлар өскен екен. 1936 жылға дейінгі карталарда және Закржевскийдің жолжазбасында Катон-Карағай деп анық жазылған. Шабанбай жайлауы Катонқарағай ауданына кіреді. Бұқтырма өзенінің оң жағалауынан солтүстікке қарай орналасқан жайлауларды жалпы атпен Шабанбай деп атай-ды, Бұл - антропоним, яғни кісі атынан жасалған атау. 19 ғасырда керей мен найманның жайлауға таласқан бір қақтығысында қаза тапқан керейдің батыры Шабанбайдың атымен аталып кеткен. Ал Бұқтырманың сол жағалауындағы жайлауды Тарбағатай деп атайды. Шыңғыстай болысын 25 жыл басқарған Әбдікерім Ережепұлы Қытайда жүріп елін, жерін сағынып шығарған толғауында: «Тарбағатай, Шабанбай айырылдық елден баға алмай», - деп өкінген екен. Орта жүз руларының орналасуын зерттеген Марат Сәбитұлы Мұқанов Шабанбай жайлауын Шопан таулары деп келтірген. Алайда Шопан таулары деген атау қолданылмайды.

Алтай тауының ең биік шыңы ол Мұзтау. Мәні "мұзы бар, мұзды тау" мағынасын береді. Карталарға орысша Белуха деп түсіріліп жүр. Түркілердің атамекені болған таудың тарихи аты Мұзтау (Мұзтағ) еді. Бұдан басқа орысша Катунские столбы, алтай тілінде Қатын бажы (басы), Ақсулы деген атаулары бар. Мұзтау деп ең негізгі белгісін бірінші атаған ел сол жерді ежелден мекендеген деген сөз. Түркі-монғол қасиетті тау деп табынған Мұзтауға қазір де туристер көп барады [7,293-296 б].

Ж. Болатов пен А. Әбдрахманов Бұқтырма гидронимін бұқ (етістік)+тыр (өзгелік етіс жұрнағы)+ма (етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ) деп талдайды да мағынасын суға түскен нәрсені тастан тасқа соғып, бұқтырып әкететін қасиетінен шығарады. Орыс тіліне ауысқан көне түркі сөздерін зерттеген Е.Н.Шипова сөздігінде: "Бахтарма-бухтарма"(архаизм.) внутренняя сторона шкуры, прилегающая к телу животного" деген түсініктеме бар. Біз де өзеннің аты осы көнерген сөзден жасалған деп есептейміз, өйткені жаңа сойылған малдың терісін аударып қарағанда, қан тамырларының ізі тарам-тарам болып көрініп тұрады. Бұқтырма өзені де дәл солай сала-салаға бөлініп ағады. Ұқсату арқылы жасалған атаудың түбірі бұқ, бұктеу сөздерінен шығып, кейін жуандаған секілді.

Нәтиже

Зерттеу нәтижесінде берілген деректер мен ономастикалық талдауларды саралай отырып, Өскемен қаласы мен Шығыс Қазақстан өңіріндегі ірі топонимдердің қалыптасуында тарихи, тілдік және географиялық факторлардың шешуші рөл атқарғанын көруге болады. XVIII ғасырдың алғашқы

жартысынан бастау алатын Өскемен атауының этимологиясы көпқабатты, әрі көп нұсқалы болып келеді. Осы арқылы қазақ топонимиясының жергілікті халықтың тілдік санасында іріктеліп, өзгеше сипат алатыны көрінеді. Қала атауын балама түрде «Тасқорған» деп өзгерту туралы Бердібек Бияровтың пікірі де назар аударарлық. Ғалымның бұл уәжі қаланың географиялық орнымен, айналасын қоршаған тасты таулармен және «қорған» сөзінің көне түркі мағынасы «қала», «бекініс» деген түсініктерімен тығыз байланысты. Оның үстіне, Миллер экспедициясының бұл өңірден үш ірі сақ қорғанын табуы қала атауының тарихи-мәдени негізін толықтыра түседі. Яғни топонимнің семантикасы тек тілдік қана емес, сонымен бірге археологиялық және этнографиялық деректермен де сабақтас.

Катонқарағай атауының шығу тегі жөніндегі пікірлерді талдау барысында да бірқатар маңызды тұжырым жасалады. Жазушы және зерттеушілер тарапынан ұсынылған «Қатынқарағай» нұсқасы ғылыми негізден ауытқып кеткенін анық көрінеді. Түпнұсқалық Катонқарағай топонимі «қотан» және «қарағай» сөздерінің бірігуінен туған, ал «қотан» көне түркі тілінде «топ», «дөңгелек», «қой қора» мағынасын білдірген. Географиялық шындық та осыны құптайды: өңірдегі қарағайлардың топтанып, шеңбер тәрізді өсуі атаудың табиғи-метафоралық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Бұл дерек орыс тілді карталар мен жолжазбалардағы формалардың жергілікті топонимдерді өз тіліне икемдеу арқылы өзгерту үрдісінің кең тарағанын дәлелдейді. Бұқтырма гидрониміне қатысты Ж. Болатов пен А. Әбдрахманов ұсынған этимологиялық талдау да ерекше назар аударады. Олар өзен атауын «бұқ» (етістік) + «тыр» (өзгелік етіс жұрнағы) + «ма» (зат есім тудырушы жұрнақ) деген морфологиялық элементтерден құралған деп көрсетеді және өзеннің тас арасына соға ағу ерекшелігімен байланыстырады. Бұл пікір жер бедері мен өзеннің табиғи мінезін тілдік формада сипаттаудың бір көрінісі ретінде құнды. Сонымен қатар, Е.Н. Шипованың сөздігінде берілген «бахтарма/бухтарма»-«мал терісінің ішкі жағы» деген архаикалық мағына өзен атауының басқа бір көне семантикалық арнасын ашады. Терідегі тарам-тарам қан іздерінің өзен тарамдарына ұқсауы - халықтық ұқсату арқылы жасалған метафоралық атаулардың табиғи моделі. Бұл жағдай гидронимнің түбірі «бұқ», «бұктеу» сөздерімен байланысты болуы мүмкін екенін де көрсетеді.

Жалпы алғанда, қарастырылған топонимдер Өскемен, Катонқарағай, Бұқтырма - өңірдің тарихи жадының, мәдени кеңістігінің және тілдік мұрасының ажырамас бөлігі. Тарихи құжаттар мен отарлық кезеңнің карталары көбіне орыс тіліндегі нұсқаларды бекіткенмен, жергілікті халықтың тілінде сақталған балама атаулар қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын, дүниетанымын және табиғатқа негізделген атау беру дәстүрін айқын танытады. Бұл атауларда табиғи ландшафт ерекшеліктері, халықтық сипаттау дәстүрі, фонетикалық бейімделу, сондай-ақ көне түркілік қабаттар нақты көрініс тапқан. Осылайша, зерттелген деректер өңір топонимиясының күрделі әрі көп қабатты екендігін, атаулардың өзгеруі мен қалыптасуы ұзақ тарихи-элеуметтік процестердің нәтижесі екенін дәлелдейді. Топонимдер халықтың тілдік санасы мен тарихи жадын сақтайтын маңызды мәдени код. Сондықтан олардың шығу тегін ғылыми тұрғыдан талдау Шығыс Қазақстанның ономастикалық кеңістігін тереңірек түсінуге жол ашады.

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан өңірінің ономастикасын зерттеу нәтижесінде аймақтың жер-су атауларының тарихи, мәдени және тілдік мәні жан-жақты анықталды. Өлкедегі ойконимдер мен гидронимдер тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, халықтың көне дүниетанымын, шаруашылық ерекшеліктерін, этнографиялық дәстүрлерін және тарихи даму кезеңдерін бейнелейтін маңызды ақпарат көздері болып табылады. Аймақтағы тау, өзен, көл, қоныс атаулары ежелгі түркілік, сақ-сібірлік және кейінгі ортағасырлық мәдени қабаттардың сабақтастығын айқын көрсетеді. Шығыс Қазақстандағы негізгі гидронимдер Ертіс, Бұқтырма, Үлбі сияқты өзендер, Марқакөл, Зайсан көлдері өңірдің тарихи-географиялық келбетін қалыптастырған басты нысандардың бірі. Олардың атаулары көне түркі тілдік негізден бастау алып, фонетикалық және семантикалық өзгерістер арқылы бүгінгі түрге жеткен. Сол сияқты, аймақтағы Алтай, Саур, Тарбағатай сияқты тау атаулары мен қоныс атаулары (Катонқарағай, Күршім, Аягөз, Қатон, Қалба) этникалық тарих пен дәстүрлі мәдениеттің ізі ретінде маңызды ономастикалық дереккөз болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстанның ономастикалық кеңістігі халықтың көне қоныстану тарихын, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын, шаруашылық жүйесін, табиғатқа қатынасын сақтап қалғанын дәлелдейді. Жер-су атаулары аймақтың этникалық құрамымен, тарихи оқиғаларымен және мәдени байланыстарымен тығыз сабақтасып, өңірлік тарихи жадтың ажырамас бөлігіне айналған. Сондықтан Шығыс Қазақстанның жер-су атаулары тек географиялық белгі емес, халық мәдениеті мен тілінің айнасы, сондай-ақ өңірдің тарихи-мәдени мұрасының маңызды элементі болып табылады. Бұл зерттеу ономастикалық атауларды ғылыми тұрғыда талдап, оларды сақтаудың, жүйелеудің және болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызын айқындайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1.С.А.Итеғұлова, Д.Н.Жарылғасын. «Шығыс Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары. Астана: 2017. - 174 б.
- 2.А. Мұхамедидұлы, Ономастикалық хабаршы- Алматы, 2016 - 100 б.
- 3.Аметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су атаулары. - Өскемен : ШҚТУ баспасы, 2000. -104 б.
- 4.Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары:(тарих , мәдениет, білім). - Өскемен : С.Аманжолов ат. ШҚТУ баспасы, 2006. -432 б.
- 5.Сапаров Қ.Т. / Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өңір-лерінде кездесетін славян тілінен енген Сапожников В.В географиялық атаулар.Алматы, 2010. - 32 б.
- 6.Закржевский Р. Краткое топографическое описание пути между Котон-Карагаем и КошАгач через Алтайские горы. Томск, 1882. -104 с.
7. Сапожников В.В. Монгольский Алтай в истоках Иртыша и Кобдо. Путешествие 1905-1909. Томск, 1911. -409 б.
8. Алексеенко Н. Усть-Каменагорск. -Алма-Ата : Казахстан, 1970. -102 с.

### **ТҮЛКІБАС АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ**

**Утеули А.А.**

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы,

PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: akboreuteuli610@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақала Түлкібас ауданы аумағындағы жер-су атауларының тарихи-ономастикалық табиғатын анықтауға арналған. Ономастикалық зерттеулер - бір өңірдің географиялық, этнографиялық, тарихи, мәдени даму кезеңдерін айқындауда аса маңызды. Түлкібас ауданы - табиғи ландшафтық жағынан да, тарихи процестердің сабақтастығы бойынша да өзіне тән ерекшелігі бар өңір. Мұндағы жер атаулары көбіне көне түркі, қазақ рулық жүйесі, табиғи орта мен тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Зерттеуде «Кеңсай», «Толағай», «Ақбийк», «Састөбе», «Түркібасы» секілді атаулардың шығу тегі мен семантикалық мәні талданып, олардың өңірдің тарихи жадындағы орны көрсетілді. Сондай-ақ Түлкібас жеріндегі топонимдердің этнолингвистикалық сипаты, олардың халықтық дүниетанымды сақтаушы қызметі айқындалды. Мақалада өңір топонимиясын зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, аймақтық ономастиканың қалыптасу үрдістері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде жер-су атауларының әрқайсысы белгілі бір тарихи кезеңнің, этностық тәжірибенің, географиялық ерекшеліктің дереккөзі екендігі дәлелденді. Бұл зерттеу Түлкібас ауданы топонимдерінің тарихи маңызын ашып, олардың бүгінгі мәдени-танымдық кеңістіктегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Топонимия, ономастика, Түлкібас, атаулар тегі, тарихи дерек, этнолингвистика, география, мәдениет, семантика, өңірлік атаулар.

Аннотация

В статье рассматривается историко-ономастическая природа названий географических объектов Тюлькубасского района. Ономастические исследования играют важную роль в выявлении географического, этнографического, исторического и культурного развития региона. Тюлькубас отличается уникальным природным ландшафтом и преемственностью исторических процессов. Большинство местных топонимов имеют древнетюркское происхождение, связаны с казахскими родовыми структурами, природными особенностями местности и историческими событиями. В работе анализируются этимология и семантическое содержание таких топонимов, как «Кеңсай», «Толағай», «Ақбийк», «Састөбе», «Тюркибасы», и подчеркивается их роль в сохранении исторической памяти региона. Также раскрываются этнолингвистические особенности географических названий и их функция как носителей традиционного мировоззрения. Опираясь на труды исследователей, занимавшихся региональной топонимией, статья рассматривает процессы формирования ономастической системы района. Результаты исследования демонстрируют, что каждый топоним представляет собой важный источник информации, отражающий определённый исторический период,